

**КЕЛІСЕМІН**  
«Ақтөбе облысының мәдениет,  
архивтер және құжаттама  
басқармасы» ММ басшысы

  
А.Юнисова  
«11» қазтар 2023 жыл



**БЕКІТЕМІН**  
«Н.Байғанин атындағы  
облыстық балалар  
кітапханасы» КММ директоры

  
Э.Кашкенова  
«11» қазтар 2023 жыл



**Балалар арасында «Балалар бастауы – 2023»  
облыстық шығармашылық байқауының  
ЕРЕЖЕСІ**

**Байқау құрылтайшылары:** Ақтөбе облысының әкімдігі, облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы

**Ұйымдастырушы:** Н.Байғанин атындағы облыстық балалар кітапханасы

**Байқаудың өтетін орны:** Н.Байғанин атындағы облыстық балалар кітапханасы

**Байқаудың өтетін уақыты:** 2023 жылғы 27 қазан

**Байқаудың мақсаты:**

- Әдебиетті дамытуға ерекше үлес деп танылған әдеби жанрдың өркен жайып, дамуына ықпал ету;
- Ана тілінде еркін таза, әдеби тілде көркем сөйлеп, жылдам ойын қорытып көркем тілде жауап беруге дағдыландыру;
- Жас таланттарды анықтау, қолдау көрсету, ынталандыру;
- Жас буынды ұлттық мәдени құндылықтар рухы мен ұлтжандылыққа тәрбиелеу.

**Байқаудың шарты:**

**Байқауға 10-15 жастағы балалар қатыса алады.**

Байқау төрт номинация бойынша өткізіледі: «Үздік Ертегі», «Үздік Проза», «Үздік Поэзия», «Үздік Фантастика».

Балалардың туындылары қазақ және орыс тілдерінде қабылданады.

Байқауға қатысу үшін 2023 жылдың 25 қыркүйегіне дейін өтініштер қабылданады (қосымша №1).

**Байқау талабы:**

Шығармашылық жұмыстар Microsoft Word түрінде жолдануы қажет. Көлемі 14 шрифтпен, 1,0 интервалмен жазылуы және 3 беттен аспауы тиіс.

Көшіріліп алынған туындылар (плагиат) қабылданбайды.

Әр қатысушы тек қана бір номинация бойынша өтініш бере алады.  
Жеңімпаз деп танылған шығармалардың авторлары **2023 жылдың 27 қазанда** өтетін қорытынды шараға арнайы шақырылады.  
Қорытынды шараға қатысушының жол шығыны жолдама берген жақтың есебінен төленеді.

### **Қазылар алқасы:**

Қазылар алқасының құрамы белгілі ақындар мен тілшілерден, Ақтөбе облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы қызметкерінен құрылады.

Қазылар алқасы байқау барысында тағайындалған жүлделерді бөліп беруге немесе бермеуге құқылы. Қазылар алқасының шешімі хаттамамен ресімделіп, қайта қарауға жатпайды.

### **Байқауды қаржыландыру:**

Байқау облыстық бюджет есебінен қаржыландырылады.

### **Марапаттау жүлделері:**

Қазылар алқасы шешімімен төмендегідей жүлделер тағайындалады:

**«Үздік Ертегі»** номинациясы бойынша:

I орын – 1 (біреу)

II орын – 2 (екеу)

III орын – 2 (екеу)

Ынталандыру сыйлықтары – 3 (үшеу).

**«Үздік Проза»** номинациясы бойынша:

I орын – 1 (біреу)

II орын – 2 (екеу)

III орын – 2 (екеу)

Ынталандыру сыйлықтары – 3 (үшеу).

**«Үздік Поэзия»** номинациясы бойынша:

I орын – 1 (біреу)

II орын – 2 (екеу)

III орын – 2 (екеу)

Ынталандыру сыйлықтары – 3 (үшеу).

**«Үздік Фантастика»** номинациясы бойынша:

I орын – 1 (біреу)

II орын – 2 (екеу)

III орын – 2 (екеу)

Ынталандыру сыйлықтары – 3 (үшеу).

### Бағалау критерийлері:

- Көркемдік жағынан әсерлі болуы;
- Ұйқасының ұтымдылығы;
- Автордың туынды арқылы өз ойын жеткізе білуі.

### Қабылданатын құжаттар:

1. Өтінін (үлгі бойынша)
2. Автордың аты-жөнін растайтын құжаттың көшірмесі

Байқауға қатысушылар өтініштері «шығармашылық байқауына» тақырыбымен төмендегі мекенжайы бойынша қабылданады.

030006 Ақтөбе қаласы,

Кереев көшесі, 7 үй

Байланыс телефоны: 8 (7132) 97-50-65

E-mail: [odbib@mail.ru](mailto:odbib@mail.ru)

*Қосымша №1*

Балалар арасында «Балалар бастауы – 2023»  
облыстық шығармашылық байқауына қатысу үшін  
**ӨТІНІШ**

Аты - жөні	Туған жылы, оқитын мектебі	Мекен-жайы, байланыс телефоны	Таңдалған номинация